

Ф.Т. Жумажанова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: Farahanum@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДІНИ ЗЕРТТЕУЛЕР

Кез келген ұлттың мәдениеті мен әдебиетінің өзіндік өсу, қалыптасу жолы және өзіне тән даму жолдарының ерекшеліктері болады. Сол сияқты қазақ әдебиеті де қоғамдағы дәстүрлі діни наным-сенімдермен тығыз байланыста дамыды. Ұлттық әдебиетіміздің діни-сеніммен тығыз байланысы халық болып қалыптасқан кезден бастап, Кеңес өкіметі құрылған жылдарға дейін жалғасып келді. Қазақ әдебиетінің кеңестік дәуірінде көркем шығармаларда ислами көріністерін нақты ашып көрсету мүмкіндігі болған жоқ. Қазақ елі дербестік алғаннан кейінгі уақыт талабы, замана ағымы осы кезге дейін тарих тереңінде қалған рухани мұраларымыздың барлығын қазіргі ұрпақ игілігіне жаратудың мезгілі жеткендігін дәлелдеді. Мақалада Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көпшіліктің пайдалануына берілген зерттеу еңбектердің қазақ халқының аз уақыттың ішінде ислам діни туралы сауат ашуына басты негіз болған зерттеулер жайында қарастырылып, қазіргі замандағы діни әдебиет бұрынғы кезеңдердегі діни әдебиеттен біршама өзгеше екендігі ашып көрсетіледі және ол зерттеулерге талдау жасалады. Сонымен қатар, автор Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы діни зерттеу еңбектердің бірнешеуін қарастырады.

Түйін сөздер: наным-сенім, салт дәстүр, ислам діни, діни зерттеу, әдеби мұра, діни құндылықтар.

F.T. Zhumazhanova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: Farahanum@mail.ru

Religious research in the first years of independence

The culture and literature of each nation are characterized by its own “path” of growth, the method of formation and characteristics of development. The Kazakh literature was no exception, accordingly, it was closely developed with the traditional religious beliefs of the Kazakh society. The close connection of our national literature with religion almost began from the moment of the formation of the Kazakh people and included the period of Soviet power. After gaining independence, Kazakhstan faced the task of reviving the rich spiritual heritage of the Kazakh people. The article discusses materials that have become available to the public only after independence. With the independence of the state, the Kazakh people began to gradually revive the religion that was banned during the years of Soviet power and thus gradually returned to Islam. In addition, the author included in this study several religious works prepared in the early years of independence.

Key words: beliefs, customs, Islam, religious studies, literary heritage, religious values.

Ф.Т. Жумажанова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Farahanum@mail.ru

Религиозные исследования в первые годы независимости

Культуре и литературе каждой нации характерны свой «путь» роста, способ формирования и особенности развития. Казахская литература не стала исключением и соответственно тесно развивалась с традиционными религиозными верованиями казахского общества. Тесная связь нашей национальной литературы с религией практически началась с момента формирования народа и включила в себя и период советской власти. После обретения независимости перед Казахстаном встала задача возродить богатое духовное наследие казахского народа. В статье рассматриваются материалы, ставшие доступными для общественности только после независимости. С независимостью государства казахский народ начал постепенно возрождать религию, запрещенную в годы советской власти и таким образом поэтапно возвращался к исламу. Кроме того, автор включил в настоящее исследование несколько работ религиозного характера, подготовленных в первые годы независимости.

Ключевые слова: верования, обычаи, ислам, религиоведение, литературное наследие, религиозные ценности.

Кіріспе

XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайлар туралы ұлттық ғалымдар көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасаған. Әрине, ол ғылыми еңбектерде діни ағартушылық ағымдағы ақындардың, қайраткерлердің көзқарастарына азды-көпті пікірлер айтылып, тұшымды тұжырымдар өз дәрежесінде айтылмады. Ол түсінікті де, себебі кеңес өкіметі орнаған сәттен дін мәдени өмірімізден шеттетіліп, діни-ағартушылар қудалана бастады, олардың еңбектерін халық игілігіне пайдалануға тыйым салынды, халықты атеистік тәрбиемен қамту жетпіс жыл бойы үзбей жалғастырылды. Сондықтан да өз халқының ой-санасына әсер еткен көптеген қайраткерлердің еңбегіне бір жақты баға берілді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап, өзінің бұрынғы өткен тарихын, дінін, әдет-ғұрпын, рухани байлықтарын қайта қарап, олардың шынайы болмысын жаңа көзқараспен зерделеуді ғана емес, қоғам мен болашақ ұрпақтың кәдесіне жарату жағдайын ескере зерттеуге ден қойды. Әр түрлі ғылым салалары белгілі дәрежеде теориялық және практикалық тұрғыда сараланып жатқанда, қазақ әдебиеттану ғылымының алдында да әр-алуан өзекті мәселелер бой көтерді. Бүгінгі рухани мұраларымызды қайта сараптан өткізу кезеңінде қазақ әдебиеттану ғылымында теориялық, әдістемелік, тарихи мәселелерді зерттеу мәселесі алдыңғы кезекке шықты. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кеңес империясының тоталитарлық идеялогиясы салдарынан ұзақ жылдар бір жақты бұрмаланып келген әдебиет пен мәдениетіміздің белгісіз беттеріне үңілу мүмкіндігі туды. Аталған тақырыпқа байланысты зерттеу жұмыстарын жазған Халифа Алтай, Ә. Дербісәлі, М. Бұлұтай, Қ. Жолдыбай, Н. Өсерұлы және т.б. әдебиетші, дінтанушы ғалымдардың еңбектерінде дін мәселелеріне толымды талдау жасалғанын баса айтуға болады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері ислам дініне ерекше көңіл бөлініп отыр деп айтуға болады. Осы салада ерекше еңбек етіп жүргендердің бірі ф.ғ.д., профессор Ә. Дербісәлі. Шығыстанушы ғалымның бұл жолдағы еңбегінің нәтижелі болуының өзі оның түркі тектес халықтар мәдениеті мен әдебиетін жан-жақты білуінде деуге болады. Бүгінгі таңда тек қана тыныштықты, бейбітшілікті мұрат ететін ең жас ислам дінінің бүгінгі мен болашағы туралы сан-алуан сауалдардың тұрғаны мәлім. Кеңестік дәуірде жалпы дін атаулыға қарсы жүргізілген күрес бүгінгі таңда да күшеймесе

бәсеңдемегені тарихтан белгілі. Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдардың ішінде бұл еңбектердің қатары күн санап толығып отырғаны анық. Оның бір мысалы ретінде дінтанушылар М. Исаұлы мен Қ. Жолдыбайұлының «Ислам ғылымхалы», Қ. Жолдыбайұлының «Ақиқат шуағы» атты еңбектерін ерекше атауға болады. Осы авторлардың аталған еңбектері тәуелсіз қазақ елінің дінтану ғылымына қосылған зор үлес. Себебі «Ислам ғылымхалын» XIX ғасырдағы Ы. Алтынсарин мен Ш. Құдайбердіұлы еңбектерінің және Халифа Алтайдың жоғарыда сөз болған «Ғылымхалының» заңды жалғасы деп қабылдауға болады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегінің кеңеюіне үлес қосқан руханият көзінің бірі Ислам діні екені белгілі. Ұлттық әдебиетіміздің көркемдік даму процесінде араб әлемінен келген діни шығармалармен мольғып, синтезделу үлгілерін зерделеп, ғылыми-теориялық бағасын беру – қазақ әдебиеттану ғылымы мен шығыстану ғылымы үшін өте өзекті мәселе деп білеміз. Мақаланың *зерттеу нысаны* болып тәуелсіздік алған жылдардағы жалпы діни еңбектер болса, ал *зерттеу пәні* ретінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көпшіліктің пайдалануына берілген бірқатар зерттеу еңбектердің қазақ халқының аз уақыттың ішінде ислам діні туралы сауат ашуына басты негіз болған зерттеулер болып табылады. Зерттеуіміздің *мақсаты* болған, тәуелсіздік алған жылдардағы жалпы діни еңбектерді зерделеу үшін келесі *міндеттер* қойылды:

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдардағы жалпы діни зерттеу еңбектерді саралау, әлеуметтік, мәдени, рухани болмысын зерделеу; діни салаға арналып жазылған зерттеу еңбектерді зерделеу;

Салыстырмалы талдау негізінде қазіргі замандағы діни зерттеу әдебиет бұрынғы кезеңдердегі діни әдебиеттен біршама өзгеше екендігін көрсету;

Қазіргі заманғы Ұлттық әдебиетімізде Ислам дінінің көрініс табуымен рухани мәдениетіміздің өркендеу тарихындағы зерттеу еңбектердің көркемдік даму сипаттарын айқындау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу барысында келесі *әдістер* қолданылды: талдау, тәуелсіздік алған жылдардағы жалпы діни еңбектерді талдау үшін нақты тарихи әдіс және тәуелсіздік алғашқы жылдардағы діни зерттеулер мен кейінгі еңбектердің тақырыптамасын

салыстыру үшін салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, ғылыми зерттеу жүргізудегі негізгі әдіс-тәсілдер қолданылды.

Зерттеу барысында келесі *материалдар* қолданылды: Аталған тақырыпқа байланысты зерттеу жұмыстарын жазған Халифа Алтай, Ә. Дербісәлі, Ғ. Есім, М. Бұлұтай, Н. Өсерұлы және т.б. әдебиетші, дінтанушы ғалымдардың еңбектері және жас дінтанушылар М. Исаұлы мен Қ. Жолдыбайұлының «Ислам ғылымхалы», Қ. Жолдыбайұлының «Ақиқат шуағы» атты еңбектері.

Нәтижелер мен Талқылаулар

Тәуелсіздік кезеңнен бастап діни зерттеу еңбектерді сөз ететін болсақ, бірінші көзге түсетін аса құнды еңбек – «Құран Кәрімнің» Халифа Алтайдың аударуымен қазақ тілінде сөйлеуі. Араб-парсы, шағатай тілдерін жаппай бұқара білмегендіктен, кеңестік дәуір тұсында орыс кириллицасына көшкендіктен Құран Кәрімді жүргізіп оқитындар тек шығыстанушылар ғана болып қалғаны мәлім. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көпшіліктің пайдалануына берілген бұл еңбек қазақ халқының аз уақыттың ішінде ислам діні туралы сауат ашуына басты негіз болды. Фатиха сүресінен кейін Құран Кәрім туралы мынадай мағлұмат берілген: «Құран кәрім, негізінен алты түрлі күрделі маңызды қамтиды: 1 – Алланың барлығы, бірлігі, 2 – Пайғамбарлық, 3 – Құлшылық, 4 – Қиямет, 5 – Бұларға сенушілердің жәйі, 6 – Сенбеушілердің жағдайы, соңғы екеуі көбінесе қисса түрінде келеді... Қорыта айтқанда Құран Кәрімнің әр аяты немесе сүресі, осы алты түрлі негізгі маңызбен тікелей не жанай түрде ұштасып отырады. Сондықтан Фатиха сүресіне: «Үммүл Құран» делінген. Уаллаһу ағлам...», – делінген (Құран Кәрім, 1991:1). Яғни, дін мұсылман қауымы Құран Кәрімнің не екендігінен бірінші беттен-ақ хабардар болады.

Халифа Алтайдың осы саладағы келесі атқарған үлкен шаруасы – қазақ тілінде шыққан шариғат пен парызды түсіндіретін кітаптары. 1991 жылы Істанбұлда шыққан Меймет Сойменнің «Ғылымхал» атты кітабын Халифа Алтай өңдеп, толықтырып қазақшаға аударды. Бұл кітаптың бірінші бөлімінде Мұхаммед пайғамбар мен Құран Кәрімде аттары аталған 25 пайғамбар және Ғұзайыр, Лұқпан, Зұлқарнайн сынды пайғамбарлығына қайшылығы бар үш кісі туралы мағлұмат берілген. Екінші бөлім исламның бес ірге тасын түсіндіруге арналған. Автор бес уақыт

намаз бен жаназа туралы толық мағлұмат берген. Сондай-ақ дәретті қалай алу, ер адам мен әйел адамдардың намазға қалай тұруы сынды әрбір детальға ерекше көңіл бөлу арқылы намазды жанадан үйреніп жүргендерге мол мағлұмат берілген. Үшінші бөлімде Ыбырай, Шәкәрімдер сөз еткен исламдағы ахлақ туралы, яғни жақсы мінез-құлықтар туралы таратыла сөз болған. Бұл бөлімде Аллаға, Пайғамбарға, өзімізге, үй-іші және жақындарымызға, семьяны құрағандардың бір-біріне, ерлі-зайыптылардың арасындағы бір-біріне, әке-шешенің балаларына, балалардың әкешелеріне, туыстардың бір-біріне, ағайын-туғандардың бір-біріне, елімізге, жұртымызға, бүкіл адам атаулыға байланысты міндеттеріміз жан-жақты түсіндірілген. Мұндай исламның шарттарын жан-жақты түсіндіретін кітаптардың тоқсаныншы жылдары қазақ халқына ауадай қажет болғаны тарихтан мәлім. Ендеше бұл еңбектер сол тұстағы қазақ халқының діни сауатын ашуға бірден-бір көмекшілік қызметтер атқарды.

Бұл салада Халифа Алтай халықаралық Ислам қайырымдылық қоры қаншама шараларды іске асырды. Осы қордың дайындауымен «Мұсылманның рухани тірегі» атты кітап негізгі үш бөлімнен тұрады. Кітаптың алғы сөзінде мұсылманның рухани тіректері түсіндіріледі. «Сындағы сыр» атты бөлімде Құран Кәрімнен мысалдар келтіре отырып, күллі мұсылман қауымды Алланың ақ жолына шақырады.

«Аса қамқор – ар-Рахман құлдарының сипаттары» атты екінші бөлімде он екі сипат түсіндіріледі: «Аса қамқор – ар-рахманның құлы болуды қалаған әрбір мұсылман өз дегеніне ықыласпен және Аллаһтың көмегі арқылы жете алады. Құранның бірқатар сүрелерінде осындай адамдардың кейбір сипаттары берілген. Мысал «Фурқан» сүресінің соңында он екі сипат пен ерекшеліктер аталып өткен» (Құран Кәрім, 1991:35), – дейді де соларға жеке-жеке тоқталады. Олар: сыпайылық, бейбітшілік, Аллаһқа құлшылық, Аллаһтан кешірім сұрап тәубаға келу, қанағатшылдық немесе ысырап жасамау, сарандық етпеу, Аллаһтан медет сұрау, адам өлтірмеу, зинақорлық жасамау, өтірік айтпау, уақытты ұтымды пайдалану, сәждеге жығылу, бақыт пен имандылық тілеу сынды мәселелерді қамтиды.

«Пайғамбарымыз (с.а.у) мінез-құлықтары» атты бөлімде автор Мұхаммед пайғамбардың Алла жолындағы ақ жолы мен өнегелі мінез-құлықтарын күллі мұсылманға үлгі етеді. Өтірік айтпау, біреуді мазақ етпеу, қызғаншақтық жасамау, өсек айтпау, біреуге жала жаппау, бос

сөзділіктен сақ болу, ешкімге өкпелемеу, жетім-жесірлерге қайырымдылық жасау, мейірімді болу, тірі жанға қиянат жасамау, күш көрсетпеу, әлімжеттік жасамау, әдептілік, ізеттілік, қайырымдылық, тазалық, еңбеккерлік, адам баласын кем санамау сынды пайғамбардың ерекше мінездерін атап, олар туралы мағлұмат береді де мынадай тұжырым жасайды: «Әрине, сіздерге хазірет Пайғамбарымыздың тамаша үлгілі мінездерінен бірнеше мысал беруге тырыстық. Егер екі дүниеміздің де рахат, бақытты болуын қаласақ, өнегелерін әдеттеніп, машық қылуымыз шарт, істегендерін орындап, істемегендерін мейлінше аулақ болып, өзімізді тежеуге тиіспіз. Біз Пайғамбарымыздың жолын қуып, көркем мінездерін басшылыққа алып, өзімізге үлгі етіп, сүннетін ұстап, ізімен жүруге әбден тырысуымыз қажет» (Құран Кәрім, 1991:59). Автор Пайғамбардың мінезін күллі мұсылманға өнеге ете отырып, әрбір иманды адамның осындай болуын ұстанды. Мұның өзі жүрегінде сәулесі бар иманды жандарға жол көрсетер бағдаршамның қызметін атқарып келе жатқаны өмір шындығы.

Жаратушының бар екендігіне иланған адамдар оның бұйырған және тыйым салған нәрселерін де білу керек. Осындай оқу-әдістемелік құралдардың қатарын толтыратын тағы бір еңбек – Абдусамат Махаттың «Әл-Фикһ» кітабы. Автор кітаптың кіріспесінде: «Біз мұсылман болғанымыз үшін Аллаһ Тағаланың әмірлерін біліп, оларды орындауға міндеттіміз. Өйткені, Ақырет күні Жаратушымыз алдында тұрғанымызда Ол біздің араб, қазақ немесе өзбек болғанымызды емес, ең алдымен біздің қаншалықты дәрежеде иман келтіріп, құлшылық қылғанымызды есепке алады», – дей келіп, намаз, дәрет, ораза және құрбандық үкімдері туралы толық мағлұмат беруге тырысады (Абдусамат Махат, 2002:3). Аллаһ Тағаланың бар екендігін мойындай білген, Оның жалғыз екендігіне иман келтірген әрбір мұсылман ер жеткен соң фикһ ғылымын үйренуге міндетті екендігін айтып келеді де оны былай түсіндіреді: «(фикһ) сөзінің:

1. Тілдік мағынасы: дәл, дұрыс білу;

2. Шарғи мағынасы: нақты дәлелдерге сүйене отырып, амалдарға қатысты шариғат үкімдерін айқындау – деген ұғымын білдіреді» (Абдусамат Махат, 2002:9). Фикһ ғылымы халалды харамнан, дұрысты бұрыстан айыруды үйрету арқылы мәңгілік бақыт құшуды үйретеді. Яғни, бұл дүние мен Ақыретте Аллаһ тағаланың ризашылығын алған адам ғана мәңгілік бақыт құша алады. Ендеше бұл кітап – сол мәңгілік бақытқа жету

жолдарын нанымды түрде түсіндіре білетін еңбек. Автор аталған еңбекте Фикһ ғылымының артықшылығын жақсылыққа ұмтылу, игілікті істер жасаумен түсіндіреді. Пайғамбарымыз (с.а.у) сүннәтін орындау үшін дінге қайшы істерден сақтану керектігіне аса мән берілген. Ғибадат Аллаһ тағалаға ғана жасалатындығын айта келіп, Исламда ғибадат үш жолмен орындалатындығына тоқталады:

1 – денемен. Мысалы, намаз оқу, ораза тұту.

2 – малмен. Мысалы, зекет, садақа беру.

3 – дене мен малмен. Мысалы, қажылыққа бару.

Бұл кітапта осы айтылғандар бүге-шігесіне дейін қарастырылған. «Аллаһ Тағалаға иман келтіргеннен кейін, ғибадаттың ең абзалы – намаз. Исламның бірінші негізі Аллаһтың барлығы мен жалғыздығына иман келтіру болса, екіншісі – намаз», – деп келеді де намаздың бірінші шарты тазалыққа тоқталады. Тазалық дегенде намаз оқитын адамның денесі, киімі, намаз оқитын жері түгел дерлік таза болу керек деген мақсатта қандай жағдайда дәрет бұзылатындығын санамалап көрсетеді. Адам денесін сумен тазалайтын болсақ, сол судың қандай жағдайда таза болып есептелетініне көңіл аударады: «Аз суға нәжіс түсіп немесе ит, тағы басқа еті харам хайуанның ауызы тисе, оның түсі немесе дәмі айнымаса да лас деп есептеледі» (Абдусамат Махат, 2002:35). Аллаһ Тағала дәрет алуды Маида сүресінің 6 аятында парыз еткен:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا قُمْتُمْ إِلَى الصَّلَاةِ فَاغْسِلُوا وُجُوهَكُمْ وَأَيْدِيَكُمْ إِلَى الْمَرَافِقِ وَامْسَحُوا بِرُءُوسِكُمْ وَأَرْجُلَكُمْ إِلَى الْكَعْبَيْنِ وَإِنْ كُنْتُمْ جُنُبًا فَاطَّهَّرُوا وَإِنْ كُنْتُمْ مَرْضَىٰ أَوْ عَلَىٰ سَفَرٍ أَوْ جَاءَ أَحَدٌ مِّنْكُمْ مِنَ الْغَائِطِ أَوْ لَامَسْتُمُ النِّسَاءَ فَلَمْ تَجِدُوا مَاءً فَتَيَمَّمُوا صَعِيدًا طَيِّبًا فَامْسَحُوا بِوُجُوهِكُمْ وَأَيْدِيكُمْ مِنْهُ مَا يُرِيدُ اللَّهُ لِيَجْعَلَ عَلَيْكُمْ مِنْ حَرَجٍ وَلَكِنْ يُرِيدُ لِيُطَهِّرَكُمْ وَلِيُتِمَّ نِعْمَتَهُ عَلَيْكُمْ لَعَلَّكُمْ تَشْكُرُونَ

«Ей, мүминдер! Намазға тұрсаңдар жүздеріңді және шынтақтарға дейін қолдарыңды жуыңдар. Бастарыңа мәсіх тартыңдар және тобықтарыңа дейін аяқтарыңды жуыңдар. Аллаһ Тағала сендерге ауыртпашылық қаламайды. Бірақ, сендерді тазартуды, сондай-ақ сендерге нығметтерін толық беруді қалайды. Мүмкін сендер шүкіршілік етерсіңдер!», – десе, Пайғамбарымыз Мухаммад (с.а.у): «Дәретсіз намаз және харамнан табылған ақшадан садақа қабыл етілмейді», – деген» (Құдайбердіұлы Шәкәрім, 1993:42) сынды сүрелерден аяттар келтіре отырып оның мәнін түсіндіреді. Осылайша автор мұсылманның бес парызын жан-жақты аша білген. Ислам дінінің

ішкі сырына үніліп, ондағы заңдылықтарды түсіндіретін мұндай оқулықтар көпшілік бұқараға аудай қажет.

Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдардың ішінде бұл еңбектердің қатары күн санап толығып отырғаны анық. Оның бір мысалы ретінде дінтанушылар М. Исаұлы мен Қ. Жолдыбайұлының «Ислам ғылымхалы», Қ. Жолдыбайұлының «Ақиқат шуағы» атты еңбектерін ерекше атауға болады. Осы авторлардың аталған еңбектері тәуелсіз қазақ елінің дінтану ғылымына қосылған зор үлес. Себебі «Ислам ғылымхалын» ХІХ ғасырдағы Ы. Алтынсарин мен Ш. Құдайбердіұлы еңбектерінің және Халифа Алтайдың жоғарыда сөз болған «Ғылымхалының» заңды жалғасы деп қабылдауға болады. Өйткені бұл авторлар «фиқһ» пәнінен дәріс беретін мамандар болғандықтан осы саладағы іргелі еңбектерге сүйене білген. Әсіресе олардың араб, түркі тілдеріндегі деректер мен материалдарды еркін пайдалануы зерттеулердің құндылығын арттыра түскен. Кітаптың кіріспесінде автор былай дейді: «Біз бұл кітапта ғибадаттың тазалық, намаз, ораза, зекет, қажылық, т.б. негізгі мәселелеріне кеңінен тоқталдық. Осы жағынан алғанда, қазақша жазылған алғашқы кітап. Бұл Имам Ағзам мәзһабына қарай жазылғандықтан, сол мәзһабтың Ибн Абидин, Касани, т.б. секілді негізгі қайнар көздерінен пайдаландық. Бір мәселені қозғағанда әуелі аят пен хадистерден мысал келтірдік» (Исаұлы М, 2003:6). Автор оқырманды жалықтырмау мақсатында хадистер мен ғибадаттың хикметтерін, ғибадатты әңгімелерді молынан пайдалана білген. Дұғалардың арабша мәтіні мен транскрипциясы және оның қазақша аудармасы қатар берілуінің өзі оқырманға хадистерді түпнұсқадан оқуға зор мүмкіндік береді. Автордың осы еңбегін де баса айтқан жөн. Ал, «Ақиқат шуағының» басты жетістігі – күні бүгінге дейін өмір сүріп келе жатқан Дарвинизмнің түп тамырына балта шабуы. Олай дейтініміз, автор адам баласының адам тектес маймылдардан жаратылмағандығын ғылыми түрде дәлелдей отырып, оқырманын иландыра білген. «Эволюционерлер маймылдың адамға айналу кезіндегі «аралық түр» жартылай маймыл, жартылай адамның болғандығын дәлелдейтін сүйектерін таба алмағандықтан бұл проблемаларын маймыл мен адамның сүйектерін құрастыру арқылы шешуге бел байлаған» (Жолдыбайұлы Қ, 2005:63), – деп келеді де оны ғылыми түрде дәлелдейді. 1996 жылы «Герчеге догру» журналына шыққан мәліметті келтіре отырып өз ойын дәлелдей білген. Бұл еңбектің

негізгі жетістігі де автордың әлем мойындаған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып тұжырым жасауында. Оған батыстың белгілі ғалымы Мах Ріанск-тың материаның пайда болғандығы жөніндегі тұжырымын мысалға келтіруге болады: «Материя белгілі бір күш-құдірет арқылы тіршілік бетіне шығып, пайда болады. Материяның ішінде кішкентай-кішкентай күн жүйесі тәріздес жүйелер бар. Атом және электрон деп аталатын бұл жүйелер материяны ыдырап кетуден қорғайды. Ғарышта мұндай керемет күш-қуат болмағанына қарағанда күллі жаратылысты белгілі бір жүйеде ұстап тұрған керемет ілім, шексіз құдірет иесі болуға тиіс. Міне, материяның бастауы – осы құдірет. Бұл құдіреттің Аллаһ Тағала екені күмәнсіз» (Жолдыбайұлы Қ, 2005:55). Осылайша әлем мойындаған ғылыми зерттеулерді Құран аяттары мен жаратылыс құбылыстарына үйлестіре бере білген автор күллі әлемді жаратқан Алла Тағаланың құдіреттілігіне көз жеткізе білген. Пайғамбарымыз (с.а.у) 571 жылы 20 сәуірде Мекке қаласында дүниеге келгендігі, оның әке-шешеден айырылып, әкесінің туыстарының қолында өскендігі жөнінде Р. Нысанбайұлы «Ислам Алланың хақ діні» атты еңбегінде айтқан болатын (Нысанбайұлы, 1997:15). Автор аталған еңбегінде жоғарыда сөз болған кітаптағыдай Пайғамбарымыздың дүниеге келгенінен бастап, оның өмірі мен қызметі жөнінде толыққанды мағлұмат береді. Мұхаммед (с.а.у) 40 жасқа келгенде, оған Алла Тағаладан уәхи арқылы Жәбірейіл періште жеткізіп отырған, Құран Кәрім аяттары түсе бастайды. Ол 23 жылға созылады. Ислам діні пайда болғанына көп өтпей жатып-ақ, ол Африка елдеріне кең тарай бастады. Өйткені бұл елдерде ислам дінін өз еркімен қабылдаушылардың қатары күн санап көбейе түсті. Соның арқасында Ислам діні тіпті Конгодағы және Коно-Борну мемлекеттеріндегі халықтар арасында қанат жайды. Мали, Сомали мемлекеттері де осы дінге бет бұрды. Ол ХІІ ғасырда Камерунға ХІҮ ғасырда Африка елдеріне еніп, халықты көп діншілдіктен және басқа діндерден, наным-сенімдерден құтқарып қалды. Пайғамбардың өмірі жайындағы осындай деректерді Е.А. Беляев «Арабы, ислам и арабский халифатв раннее средневековье» атты еңбегінде де келтіреді (Беляев Е,1966:21).

Ислам дінінің қазақ жеріне таралу процесі бүгінгі таңда біршама зерттелді деп айтуға негіз бар. Алайда кеңестік дәуір тұсында жаңсақ пікірлердің басым болғандығы да жасырын емес. Қазақ тарихын зерттеуші М. Ақжыанов өзінің

«Ислам діні – езуші таптың құралы» деген мақаласында Қазақстан жеріне ислам дінінің қай кезде келіп, қай уақытта орын тепкенін дәлелдейтін мәлімет жоқ деген ұстанымын ұсынған болатын (Ақыжанов М, 1977: 25). «Дін – апиын» деген саясаттың үстем алып тұрған тұсында діннің тарихын зерттеуге деген құлшыныстың болмайтындығын ескеретін болсақ, оны құбыжық етіп көрсету де сол зымиян саясаттың көрінісі екендігі дау туғызбайды. Алайда тарихшылардың бәрі бірдей бір пікірді ұстанбағаны да белгілі. Тарихшы Е. Бекмаханов Қазақстанның Солтүстік және Солтүстік Батыс облыстарында Ислам діні IX ғасырдың аяқ кезінде тарай бастағанын нақты дәлелдермен көрсеткенін ескеретін болсақ, (Бекмаханов Е, 1957: 248), тұтас кеңестік дәуірге топырақ шашуға да болмайды. Алайда ол кезеңде дінге деген көзқарастың дұрыс болмағандығынан ғалымдардың өзі діннің кертартпалығын іздеумен әлек болды. Діннің пайдалы жағынан гөрі зиянды жағына көбірек көңіл аудару принципі кез келген еңбектен аңғарылады. Ислам дінін зерттеуші ғалымдардың бірі Х. Ақназаров өзінің «Ислам діні және оның реакциялық мәні» деген еңбегінде былай дейді: «9-10 ғасырда мұсылман діні Қазақстанның тек оңтүстік аудандарын ғана, егіншілік аудандарының феодалдарын қамтыды» (Ақназаров Х, 1964:53).

Ұсынылып отырған зерттеуде кеңестік дәуір мен тәуелсіздік тұсындағы Ислам діні туралы көзқарастардан бірнеше мысалдар келтіре отырып, Ислам дінінің қазақ жеріне күшпен енгізілмегендігін ғылыми түрде дәлелдеуге ден қойылмақ. Бұл пікірімізді академик Ғ. Есімнің «Хәкім Абай» атты еңбегіндегі мынадай жолдар толықтыра түседі: «Исламның қазақ жеріне қан төгіссіз таралуының басты себептерінің бірі, ислам дінімен бірге араб, парсы мәдениетінің қуаты еді» (Есім Ғ, 1994:23).

Ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстанға келуімен және мұсылмандық шариғаттың ғылымға, білімге ерекше көңіл бөліп, дінде ғалымдардың рөлі жоғары болатынының арқасында сайын даладан аттары әлемге әйгілі ғалымдар шықты. Мысалы, әл-Хорезми, Әбу Насыр әл-Фараби, Исмаил әл-Жауһари, Ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Ұлықбек және Египеттің 4-ші сұлтаны, әрі әйгілі Шыңғыс хан әскеріне қарсы тұрып, жеңіп шыққан Бейбарыс және тағы да басқа атақты ғұламалардың даңқы алыс-алыс жерлерге жетіп жатты. Сонымен қатар дүние жүзілік кітапханалар қорларында араб қолжазбаларының тізімін көрсетуге тырысқан ғалым арабист

К. Брокельманның «Араб әдебиетінің тарихы» атты 5 томдық еңбегінде Сығанақи деген есімдер жиі ұшырасады. Осы еңбекте және басқа да тарихи зерттеулер мен баяндамаларда, ағайынды Келеси (Келестен шыққан), Түркістани, Қыпшақи, Сыр бойынан шыққан Ибн Түрк сияқты көптеген қазақ жерінен шыққан оқымыстылардың аттары кездесетіні жайында профессор Ә. Дербісәлиев орынды атап өтеді (Дербісәлиев Ә, 1995:78).

Қазақ даласында Ислам дінінің қанат жаюына Араб жерінен келген мұсылмандықты уағыздаушы қожалардың еңбектерінің ерекше болғаны мәлім. Солардың бірі барша түркі жұрты әулие тұтатын Арыстан баб бабамыз. Тарихи жылнамада Арыстан баб өмірде болған нақты тарихи тұлға деп жазылған. Оның арабша аты жөні Салман Фарси деп аталады. Ол кісі пайғамбарымыз Мұхаммадтың (с.а.у) Қазақ даласына жіберген өкілі, Ислам дінін тарату, уағыздау үшін келген өкілі. Арыстан бабтың қазақ жеріне келуі жайында халық арасында кең тараған мынадай аңыз бар. «Пайғамбарымыз Мұхаммад (с.а.у) Менен кейін ислам дінін дәріптейтін екінші адам дүниеге келеді, соны іздеп тауып, менің аманатымды тапсыр деп құрма жемісінің дәнегін береді. Күндердің күнінде Арыстан баб қазақ жеріне жетеді. Бір күні бір жас бала тосыннан кездесіп Ата, мен аманатымды күтіп жүрмін қашан бересіз дейді. Сонда бабамыз тілінің астына ұзақ уақыт бойы сақталған құрма жемісінің дәнегін береді. Бала оны алады да аузына салып жіберіп үн-түнсіз бұрылып жүре береді. Сонда: Оу, балам пайғамбарымыз Мұхаммадтың (с.а.у) саған арнаған аманатын осы уақытқа дейін сақтап, жеткізгенімде, бір ауыз алғыс сөз айтуға жарамағаның қалай, – деп реніш білдіреді. Жас бала сол сәтте артына бұрылып: Ата жұрт келіп сізге түнесін, маған келіп Алладан тілесін», – депті де, жөніне жүре беріпті. Бұл бала болашақ Арыстан бабтың ғұлама шәкірті Әзірет сұлтан (Қожа Ахмет Яссауи) екен. Яссауидің «Диуани хикмет» кітабында қазақ халқының ежелгі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына қатысты көптеген құнды деректер беріледі. Кітап халқымыздың дүние танымын біршама кеңейтерлік рөл атқарды. «Диуани хикмет» кітабы 1921 жылы түрік тілінде жарық көрді. Қожа Ахмет Яссауи кедей, кемтарларға жақ болды. Пайғамбар жасына келгенде, қалған өмірін жер астында – қылуатте өткізді деген аңыз бар. Оның есімі бүкіл араб елдерінде кең тарады. Мұсылман әлемінде беделі орасан зор болды.

Сондықтан Әмір Темір сол кісінің жерленген жеріне арада екі ғасыр өткенде дүние жүзілік маңызы бар Түркістан мавзолейін салдыртқаны жоғарыда айтқан ойымыздың айғағы деп ойлаймыз. Яссауи әулие дәрежесінде құрметтеліп, халқымыз оны Әзірет сұлтан деп атады. Меккеге бара алмағандарға сол кісінің қабіріне түнеп, аруағына сиынғанның өзі жеткілікті деп есептелінетін түсінік те халық арасында кең тараған. Солай дейтұрғанмен де Исламда әулиелік құрметтеліп дәріптелмейді. Ол Аллаға серік қосқанмен тең. Бұл жайында қасиетті Құран Кәрімде:

حُنْفَاءَ اللَّهِ غَيْرَ مُشْرِكِينَ بِهِ وَمَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَكَأَنَّمَا خَرَّ مِنَ السَّمَاءِ فَتَخْطَفُهُ الطَّيْرُ أَوْ تَهْوِي بِهِ الرِّيحُ فِي مَكَانٍ سَحِيقٍ .

«Нағыз құл болып, Аллаға ортақ қоспаңдар. Кім Аллаға ортақ қосса; Сонда ол, көктен түсіп, оны құс іліп, әкететін немесе оны, ұзаққа жел ұшырып кеткен нәрсе сияқты», – делінген (Құран Кәрім, 1991:336). Берілген сүреден қазақ халқының салт-дәстүрінің ислам дініне қайшы келмейтіндігін, қайта өзара үйлесім тауып, сабақтасып кеткендігінің бір көрінісі. Дегенмен, Ислам діні қазақ жеріне бірден тарай қойған жоқ. Себебі қазақ халқы арабтар исламды әкелгенге дейін араб әрпін танымайтын еді. Ал, ол кездерде діни уағыздар айтылатын әдебиеттердің барлығы не араб, не парсы тілінде шыққаны баршаға аян. Қазақ халқы басқа халықтар сияқты топтасып отырған жоқ. Көбіне шегі мен шегі көрінбейтін даласын қорғау үшін үнемі жаугершілікте көшіп-қонып жүргені белгілі. Сондықтан көп елдің бірігіп, бірге намаз оқуға мүмкіндіктері болмады және шаман дінінің әсері де күшті болды. Қазақтар Ислам діні мен ежелден ұстанып келе жатқан салт-дәстүрін аралас қолдана берді.

Ислам – әлемдік үш діннің бірі және оның ішіндегі ең жас дін. Буддизм тарихы екі жарым ғасырдан әріге кетіп, христиан діні біздің жыл санауымызбен деңгейлесіп жатады, ал исламның пайда болғанына бір мың төрт жүз жылдай болған. Мұсылман күнтізбесі 622 жылдан басталады, бұл Мұхаммедтің (с.а.у.) Меккеден қоныс аударған жылы. Осы жылы Ясреб (Медине) қаласының тұрғындары Мұхаммедті (с.а.у.) қолдап, көмек көрсеткен. Арада жеті жыл өткеннен кейін Меккеге ол жеңімпаз болып келіп, оның билеушілеріне бір құдай мен пайғамбарларын тануды талап етеді.

Ислам ілімінің үш негізгі тарауы бар, олар: Бірінші, Құран аяттарын түсіну; екінші, Пайғамбардың хадистерін талдау; үшінші, табиғат

дүниесін ғылыми көрнекті қиас әдісімен зерттеу. Ислам ілімін Батыс Еуропа елдері қабылдаған кезінде оның шарифатын, исламның діни тіректерін: Алланы бір деп тану, Пайғамбарларды мойындау, періштелерге сену, Алладан түскен кітаптарды хақ деп есептеу, ахырет күнінің болатынына және жақсылық пен жамандықтың Алла тарапынан екенін білу сияқты шарттармен бес парызды сыртқа тастап, тек материалдық, дүниауи зерттеу жағын мақұл көрді. Осының салдарынан ғылым рухани жолға қызмет етуден қалып, керісінше атакқа, байлыққа, мансапқа жұмыс жасауға көшті.

Ислам діні – ең ақырғы дін. Ол адам баласының тарихи, табиғи, ғылыми, рухани, діни өрлеу сатысының шыңына жеткен заманда дүниеге келгенін білу ләзім. Ол – өзінен бұрынғы діндердің адамзатқа ортақ пайдалы жақтарын жинақтаған қорытынды дін, ғылыми дін. Ғылым үйрену Исламның зор парызы болып саналады. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) *من أحب العلم والعلماء فهو ربيقي في الجنة* «Ман ахабба ал ғылми уа ғұламаий фа һуа рафики фи-л-жаннати» яғни бұл хадисті қазақшаға аударатын болсақ, «Кімде-кім ғылымды және ғұламаны сүйсе, ол менің жаннаттағы жолдасым болады» деген сөзінен Исламның ғылымға қандай деңгейде мән беретінін көруге болады.

Ислам дінінің бес парызы бар: бірінші иман, екінші 5 уақыт намаз, үшінші рамазан айында ораза ұстау, төртінші зекет беру, бесінші қажыға бару; соңғы төртеуін ғибадат, құлшылық, «ғамал» деп аталатын болса, енді оның қасиетті үш негізінің біздің өмір салтымызға әсеріне көшейік. Исламда өмір салтын негіздейтін үш нәрсе бар: ол – Құран, сунна, шарифат. Дін ілімі бойынша Құран Кәрім – Алланың сөзі. Алла Тағаланың құдіретімен көктен түскен кітап. Жаратушы Құдай қасиетті кітаптағы жазылғанды қаласа өшіреді, нені қажет деп тапса бекітіп отыратыны жайында дінтанушы ғалымдардың зерттеу еңбектерінен көруге болады. Мұсылман дінін ұстанатын адамзаттың бас кітабы «Құран» атауы – «әндете, дауыстап оқу» деген мағынадағы араб тілінің етістігінен туған есім сөз. Әлемдік мәдениеттің тарихындағы исламдық дүниетанымдағы адамзат қауымы Құранды «Кітаптардың анасы» арабша *أم الكتاب* – «умму-ль-кітаб» деп атайды [Халифа Алтай, 1994:51]. Құран жай ғана діни кітап емес, адам баласының бүтіндей бір бөлігіне арналған мінез-құлық, өмір сүру негіздерін қамтыған ереже, заң кітабы деп түсіну керек. Адамгершілік пен адалдық, бауырластық пен

мейірбандық, қайырымдылық пен жомарттық, ізгілік сияқты ізгі қасиеттерге шақырады, үндейді.

Құран Кәрім – араб әдебиеті тарихында ең алғашқы кітап ретінде орны ерекше. Өйткені ол араб тілінің сақталып қалуы мен өзге елдерге таралуы, араб тілі грамматикасының қалыптасуына ықпал етіп қана қойған жоқ, сондай-ақ барлық ғылым салаларының қайнар көзі, бастауы да болды. Оның мазмұны мен жан-жақты қамтыған мәселесі мейлінше кең. Атап айтқанда, оның араб тарихы, әдебиеті, ғылымы, сол кездегі халықтың салт-санасы, әдет-ғұрпы, жаңа дәстүрінің қалай болуы керектігі, шарифаты, әділдік пен имандылық т.б. мәселелері кеңінен қамтылады. Кейінгі ғасырларда өмір сүрген Шығыстың ақын, жазушылары, шежірешілері, тарихшылары, географтары Құранға сүйеніп, ғылыми-теориялық ой-пікірлерін нақтылау үшін Құраннан көп дәйектемелер алып, өз еңбектерінде, шығармаларында пайдаланған. Ислам дінінің келуімен ежелгі қазақ жерінде араб әдебиетінен нәр алған, жергілікті халықтан шыққан ғұлама ойшылдар, ақын, жыраулардың жаңа буыны пайда болды. Сөйтіп Құран Кәрім әдебиетке, өнерге айрықша әсер етті. Мәселен, оның қазақ халқына ықпал әсерін Асан Қайғы, Шалкиізден бастап, Абай, Шәкәрім және бүгінгі бүкіл қазақ әдебиетіне дейінгі аралықтан аңғаруға болады.

Құраннан кейінгі мұсылмандардың ұстанатын екінші бір негізі – «Сунна» (арабша жол, өнеге, үлгі деген мағыналары бар. Қазақ ұғымында сүннет амалдары деп түсіндіріледі) болып табылады. Исламда «Суннаның» пайда болуын халифатта мемлекеттік, әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеп отыруға Құранда бар нұсқаларды толықтыратын, қағидаларды түсіндіріп отыратын қызметі болғандығынан деп түсіндіреді. Сунна жинақты хадистерден (арабша аңыз) тұрады. «Ас-сахих» әл-Бухари және «Ас-Сахих» әл-Мүсілімнің жинаған хадис-шәріптері мұсылман әлеміндегі ең ақиқат, ең дәлелді, ең сенімді деп есептеледі. Хадистердің негізгі идеясы сол – олар әрдайым және барлық уақытта Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у) сөзі ретінде нақтыланып, сараланып, бекітіліп отырады.

Шарифаттың қайнар көзі «Құран» мен «Сунна» деп түсіне отырып, адамгершілік, адамдық, жалпы айтқанда, моральдық кодекстің негізі деп түсіну абзал. Шарифаттың мұсылмандар өміріндегі орны жайында белгілі шарифаттанушы ғалым Н. Өсерұлы мынадай маңызды пікір білдіреді: «Құран – арабша мағынасы оқылатын

нәрсе кітап болып, ол Алла Тағаланың Жәбірейіл періште арқылы сүйікті пайғамбарымыз (с.ғ.с) бөлік-бөлігімен көктен түсіріп отырған суралар жиынтығы (Бұл жайлы Құранның 25-сурасының (әл-Фурхан) 34 аятын; 17-сурасының (әл-Асра) 107-аятын; 2-сурасының (Бақара), 91-аятын; 44-сурасының (ад-Духан) 2-аятын; 60-сурасының (Аббас) 15-аятын; т.б. қараңыз). Мұсылмандық хұқықтану ілімінің өзі бастауын жалғыз Құраннан алып, бүкіл қағида ережелерін және оларға деген қосымшаларын тағы да сол Құран Кәрімге сүйеніп таратады. Шарифатты жол, бастау, даярлау, ал оның қағидаларын ахкам шешім, ереже, жол-жоба, заң, бұйрық т.б. деп атайды. Мұның бәрі мұсылман діні Исламды қорғап, әрбір мұсылманның жеке-жеке және қоғамдық өміріндегі іс әрекеттерін реттейтін діни жол-жоралар мен қағида ережелерді қамтиды. Сөйтіп шарифат исламның негізгі заңдылықтарына сүйеніп, оны құлпырта түсетін заңдар жиынтығы десек артық айтпаған болар едік дейді». Сонымен қатар шарифат адамдарға Құран арқылы жеткен, Аллаға құлшылық ету заңдары, адамның іс-әрекетінің жақсыға не жаманға бөлінетінін белгілейді. Шарифат адамды сыртқы көріністері іс-әрекеттері арқылы Алла Тағалаға жағымды жолға салып, оны өмірдегі барлық теріс жолдан сақтандырады. Осы арқылы әрбір мұсылман Аллаға қарай жақындай түседі.

Н. Өсерұлы Құранның не екендігін анықтап алған соң, оның мақсаты мен мазмұнына, ұстанған саясатына көңіл бөледі. Осы аталған мәселелерді автор былайша түсіндіреді: «Діни тұрғыдан алғанда Құранның мақсаты: ерте заманда арабтар арасында тараған пұтқа табынушылықты түбірімен қопарып жоқ ету, олардың имандылық қасиеттерін оятып, жақсы жақтарын, заңдары мен діни ғұрыптарын, жол-жораларын қалыптастыру, сол секілді яһудейлердің дініне қарсы тұру, Алла Тағаланың өзі сүйген құлдарын адастырмай тура жолға салу еді.

Саяси тұрғыдан алғанда – Құран арқылы жаңа ақиқат дінді таратып, жалғыз Аллаға ғана құлшылық қылуды, рухани және азаматтық хұқықтарды біріктіре отырып, тағдыр мен ерікті тек Аллаға байланысты ету арқылы мұсылмандарды мойынұсындыру еді. Құранның мазмұнына келсек, ол мұсылмандық тұрмыс-тіршіліктің барлық тармақтарын: діни және рухани қағидаларды, азаматтық және қылмыстық заңдарды, саяси, әкімшілік, шаруашылық қағидалары мен шешімдерін, жеке меншіктілік пен қоғамдық тұрмыс жағдайларын, жалпы айтқанда мемлекеттік

құрылыс жүйелері мен халықты басқарудағы заң жүйелерінің барлық тарауларын қамтиды» (Өсерұлы Н,1996: 6-9).

Шәкәрім сөз еткен некенің бұзылу мәселесін Н. Өсерұлы шарифатқа сүйене отырып былайша санамалап көрсетеді: «Неке мынадай жағдайларда бұзылады:

1. Ері ажырасуға ниет білдіріп, үш рет талақ айтылса;
2. Мұсылман дінінен безіп, басқа дінге өтсе;
3. Ері 4 жыл бойы хабар ошарсыз кетсе;
4. Қыз бала жастай күйеуге шығып, кәмелетке келген соң келіспейтінін білдірсе (ер баланың келіспеуге хұқы жоқ);
5. Кемшіліктері анықталса (ақыл есі кем, белі жоқ, жаман ауру т.б.);
6. Неке заңсыз қиылса» (Өсерұлы Н,1996: 90).

Ы. Алтынсарин мен Ш. Құдайбердіұлы еңбектерінде сөз болған қиямет күні туралы Н. Өсерұлы былай дейді. «Құранның ішінде өлгеннен соң қайта тірілу, ол дүниедегі өмір, жанның өлмейтіні, қиямет күні әділ сот құрылып, сыйлық не жаза берілетіні, пейіш пен тозақ т.б. жайлы жиі айтылады. Әлбетте, мұның бәріне сену – әрбір мұсылманға парыз» (Өсерұлы Н,1996: 32). Шәкәрім жақсылық пен жамандық жасаудың, өтірік айтудың арты неге соқтыратынын түсіндіре білді. Ол сондықтан да күллі қазақ баласын имандылыққа шақырды. Иманды адам жаман істерге бармайтындығына сенді, оларды залымдық пен жаман мінездерден сақтандыра отырып, бес парызды орындауға шақырды. Бес парыздың бірі намаз туралы Таһа сүресінде:

إِنِّي أَنَا اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا فَاعْبُدْنِي وَأَقِمِ الصَّلَاةَ لِذِكْرِي

«Рас мен Алламын. Менен басқа тәңір жоқ. Сондықтан маған құлшылық қыл. Сондай-ақ Мені еске алу үшін намазды толық орында», – делінген (Құран Кәрим,1991:313). Бес парызды орындаған мұсылман баласының жүрегі тазарып иманды болатындығын жадында ұстаған ақын күллі қазақ баласын Алланың ақ жолына имандылыққа шақырды. Ол жөнінде Таһа сүресінде де айтылған болатын:

إِنَّ الدِّينَ أَمْنٌوَا وَعَمَلُوا الصَّالِحَاتِ سَبَّحُ لَهُمُ الرَّحْمَنُ وُدًّا

«Күдіксіз иман келтіріп, түзу іс істегендерге; Алла, сүйіспеншілік береді» (Құран Кәрим, 1991:312). Адал мен харамның не екендігін өмірден мысалдар келтіре отырып, неке, талақ, аманат, құн, т.б. не екендігі туралы толық мағлұмат

бере отырып, сол тұстағы аса зәру мәселелерді шарифат жолымен түсіндіре білді.

«Мединеде түскен, 286 аят. (Бұл ең ұзын сүреде, Алланың барлығы, бірлігі, пайғамбарлық, қиямет күні тәрізді негізгі сенім мәселелері және намаз, Ораза, Зекет, Хаж сияқты құлшылыққа тән нұсқаулар, сондай-ақ үйлену, ажырасу, (қысас) кек алу, өсиет, аманат, қарыз, өсім және нафақаландыру т.б. күрделі қоғамдық қарым-қатынасқа тығыз байланысты ережелер және сенбеушілердің, әсіресе Яһудилердің қылықтары баян етілумен қатар, қорытып айтқанда бір қатар маңызды мәселелер кіріспе түрінде осы сүреде қамтылған деуге болады» (Құран Кәрим,1991:2)

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайлар туралы ұлттық ғалымдар көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасаған. Әрине, ол ғылыми еңбектерде діни ағартушылық ағымдағы ақындардың, қайраткерлердің көзқарастарына аздықөпті пікірлер айтылып, тұшымды тұжырымдар өз дәрежесінде айтылмады. Ол түсінікті де, себебі кеңес өкіметі орнаған сәттен дін мәдени өмірімізден шеттетіліп, діни-ағартушылар қудалана бастады, олардың еңбектерін халық игілігіне пайдалануға тыйым салынды, халықты атеистік тәрбиемен қамту жетпіс жыл бойы үзбей жалғастырылды. Сондықтан да өз халқының ой-санасына әсер еткен көптеген қайраткерлердің еңбегіне бір жақты баға берілді. XX ғасыр қазақ даласы үшін қоғамдық саяси, әлеуметтік экономикалық өзгеріске толы кезең болды. Мұндай тарихи жағдайлардың, әрине, халықтың рухани әлеміне де әсер етпей қоймайтыны белгілі. Аталған дәуірде қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетіне Шығыс пен Батыстың әсері екі жақтан болғаны белгілі. Бір жағынан, ислами рухани мұралар ел арасында кеңінен тарап, мұсылмандық уағыздалып жатса, екінші жақтан Ресей патшалығы бодандықты қабылдаған аймақтарда өзінің миссионерлерін, діни өкілдерін жіберіп, христиандықты енгізуге күш салып жатты. Осы кезеңде қазақтар арасында оқып, білім алған Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және т.б. ұлы ойшыл ағартушылардың қазақ халқын оқуға, білімге ұмтылуға, басқа елден артта қалып қоймауға үгіттеп, адамгершілік пен имандылықты насихаттау мақсатында соңдарына қалдырған рухани мұраларының маңызы орасан зор.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері ислам дініне ерекше көңіл бөлініп отыр деп айтуға болады. Осы салада ерекше еңбек етіп жүргендердің бірі ф.ғ.д., профессор Ә. Дербісәлі. Шығыстанушы

ғалымның бұл жолдағы еңбегінің нәтижелі болуының өзі оның түркі тектес халықтар мәдениеті мен әдебиетін жан-жақты білуінде деуге болады. Бүгінгі таңда тек қана тыныштықты, бейбітшілікті мұрат ететін ең жас ислам дінінің бүгінгі мен болашағы туралы сан алуан сауалдардың тұрғаны мәлім. Кеңестік дәуірде жалпы дін атаулыға қарсы жүргізілген күрес бүгінгі таңда да күшеймесе бәсеңдемегені тарихтан белгілі. Бүгінгі таңда қатар өмір сүріп жатқан сансыз діндер мен секталардың негізгі көздегені де ислам дінінің тамырына балта шабу екендігі жасырын емес. Осы жөнінде ғалым былай дейді: «Ислам жауларын мұсылман халықтарының ынтымағы, бірлігі шошытатынын білеміз. Сондықтан олар оған осындай түрлі «измдерді» жабумен бірге мұсылмандар арасына іріткіт салып тарыдай шашырату, бөліп ал да, билей бер әрекетінен айнамайды. «Ислам діні – кері кету, өркениетке төнген қауіп», – деп, жұртты дүрліктіруге де тырысады. Ал жат секталар мен миссионерлердің зиянды әрекеттері туралы анда-санда ғана айтылады. Дін туралы конференция, симпозиумдар бола қалса, әңгіменің бәрі Ислам «қауіп-қатері» төңірегіне ауысып, жат жерліктердің жымысқы әрекеті жайына қалады» (Дербісәлі Ә, 2003: 5).

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі – ислам дінін насихаттау болса, бұл салада Ислам дінінің парасат пен ізгілік секілді рухани тазадыққа үндейтін асыл қасиеттерін насихаттау жолдарында жасалып жатқан істер де жетерлік. Олардың бір парасы исламның алғы шарттары мен парыздарын түсіндіріп, ол туралы мағлұмат беретін кітапшалар болса, соңғы жылдары Орталық мешіттің жанындағы «Мұсылман» баспа үйінен Құран және сүннет бойынша неше түрлі оқу құралдары мен көмекші құралдар, «Иман» атты діни журнал шығып көпшілік қажетіне жарап жатыр. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ ақын-жазушылары сөз еркіндігіне қол жеткізді. Соның нәтижесінде олар өз ойларын бүркемелей, астарламай тура айта бастады. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінде, діні мен тілінде болған оң өзгерістер жетпіс жылға жуық өмір сүрген Дарвин ілімінің қоғамдағы негіздемесін жоққа шығарды. Ислам

дініне жаңаша көзқарас Адам Атаның қайдан, неден жаратылғанын түсіндіре білді. Әр түрлі діндердің тоғысқан ғасырында басқа ағылшын, француз, орыс елінің танымал тұлғалары Ислам дінін қабылдағанын, қазіргі таңда осы дінді әлем мойындап жатқанын баса айту арқылы ең жас діннің болашағы жарқын екендігіне баса көңіл аударылды.

Дінтанушы ғалымдардың зерттеулеріндегі ғылыми тұжырымдар жүзеге асырылса, алдағы уақытта қазақ балаларында қайдан, қалай жаралғандығы туралы дұрыс пікір қалыптасар еді. Бұл мақалада бүгінгі күннің осындай өзекті мәселелері тілге тиек болса, алдағы уақытта осы ойлардың жүзеге асуы да алыс болмас. Ислам дінінің алғы шарттарын паш ететін оқу құралдары мен оқулықтардың көптеп шығуы, бұқара халықтың діни сауатының ашылуы, сондай-ақ дін тақырыбына қатысты зерттеу еңбектердің көптеп жазылуы қоғамды имандылыққа тәрбиелеуде өте маңызды деп санаймыз.

Қорытынды

Осылайша, осы мақала көлемінде зерттеу барысында талдау, тәуелсіздік алғашқы жылдарындағы жалпы діни еңбектерді талдау үшін нақты тарихи әдіс және тәуелсіздік алғашқы жылдардағы діни зерттеулер мен кейінгі еңбектердің тақырыптамасын салыстыру үшін салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, ғылыми зерттеу жүргізудегі негізгі әдіс-тәсілдер қолданылды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдардағы жалпы діни зерттеу еңбектердің бірқатары сараланып, олардың әлеуметтік, мәдени, рухани болмысы айқындалды; діни салаға арналып жазылған зерттеу еңбектер зерделенді; Сонымен қатар аталған тақырыпқа байланысты зерттеу жұмыстарын жазған Халифа Алтай, Ә. Дербісәлі, М. Бұлұтай, Қ. Жолдыбай, Н. Өсерұлы және т.б. әдебиетші, дінтанушы ғалымдардың еңбектерінде діни мәселелеріне толымды талдау жасалғанын баса айтуға болады. Дегенмен, бұл зерттеушілердің еңбектерінде қазақ әдебиетіндегі ислам тақырыбы ғылыми тұрғыда, әлі де арнайы зерттеу нысанына алынбады.

Әдебиеттер

- Абдусамат Махат. Әл-Фих. – Алматы: Кардинал, 2002. – 212 б.
- Ағыжанов М. (1977) Ислам діні. [Ислам – қатыгез таптың құралы]. – Алматы, 102 б.
- Ақназаров (1964). Ислам діні ане оның реаксиялық мани. [Ислам және оның реакциялық мәні]. – Алматы: Qazaqstan, 124 p.
- Беляев Е.А. (1997) Арабия. Ислам және араб. Орта ғасырдағы халифат.
- Бекмаханов Е. (1957) Присоединение Казахстана к России. – М.: АНСССР. – 450 б.
- Құран Кәрім. Екі харамның қызметкері Фаһд патшаның Құран Шәриф басым комбинаты. – Почта құтысы 3561 Медине Мұнаууара Сауд Арабия. – 1991. – 604 б.
- Дербісәлі А. (2003) Ислам және заман. – Алматы: Дәуір, 560 б.
- Есім Г. (1994). Хакім Абай. – Алматы: Ата мұра, 200 б.
- Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылымхалы. – Алматы: Дәуір, 2003. – 400 б.
- Жолдыбайұлы Қ. Ақиқат шуағы. – Алматы: Алтын қалам, 2005. – 224 б.
- Есім Г. Хакім Абай. – Алматы: Ата мұра, 1994. – 200 б.
- Өсерұлы Н. Шариат. – Алматы: Қайнар, 1996. – 352 б.

References

- Abdusavad Mahat. (2002). Al-Fikh.-Almaty: Kardinal, 212p
- Aqyzhanov M. (1977) Islam diniezushi taptyn quraly. [Islam is a tool of the oppressive class] –Almaty,102p
- Aqnazarov (1964). Islam dini zhane onyn reaksialyq mani. [Islam and its reactionary essence] Almaty: Qazaqstan, 124p
- Beliaev E.A. (1997) Araby. Islam i arabski halifat v ranee srednevekovie [Islam and the Arab Caliphate in the Middle Ages.]
- Bekmahanov.E. (1957).Prisoedinenie Kazahstana k Rossii. [Accession of Kazakhstan to Russia]-M.:ANSSSR.- 450p
- Quran Karim. (1991) Eki haramnyn qyzmetkeri Fahd patshany Derbisaliev A. (1995) Qazaq dalasynyn zhuldyzdary. [Stars of the Kazakh steppe] Almaty: Rauan, 238 p
- Derbisali A. (2003) Islam zhane zaman. [Islam and time] Almaty: Dauir, 560p
- Esim.G. (1994). Hakim Abay.-Almaty: Ata mura, 200p
- Halifa Altai Gaqypuly (1994). Gibadatu lislam. [Worship of Islam] Almaty: Beren, 128 p
- Quran Sharif basym kombinaty.[An employee of the two harams, King Fahd's Koran Sharif is the dominant plant]-Pochta qutysy 3561 Medine Munauuara Saud Arabia.604p
- Qudaiberdiuly Shakarim.(1993) Musylmandyq sharty. [Muslim condition]Almaty:Qazaqstan, Merei, Aqiyq, 80p
- Isauly M.. Zholdybaiuly Q. (2003) Islam gylymhaly. [Islamic science]-Almaty:Dauir,.400p
- Zholdybaiuly Q. (2005).Aqiqat shuagy. [A ray of truth]-Almaty:Altyn qalam, 224p
- Nysanbayuly R.(1997) Islam Allanyinhaqdini. [Islam is the true religion of God]-Almaty: Islam alemi, 129p
- Oseruly N. (1996) Shariat. Almaty: Qainar, 352 p